

ӨОЖ 364.662:330.59:316.42

КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМҒА АПАРАР ЖОЛ

*Эргашева Рушана, Какимов Алтай, Нұртасқызы Динара,
Үсенова Нұрбану*

311- топ, заң факультеті, ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Атаханова Гульзагира Махатовна

Бұл мақалада кедейлікті жоюдың заманауи қырлары мен Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсері қарастырылады. Кедейлікті жою – тек экономикалық мәселе ғана емес, ол әлеуметтік әділеттілік пен қоғамның тұрақты дамуының басты кепілі екендігі талданады. Авторлар еңбектеріндегі деректер мен халықаралық ұйымдардың баяндамалары негізінде мәселенің жаһандық және ұлттық деңгейдегі өзектілігі көрсетілген. Кедейлікті еңсеру үшін әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру, еңбек нарығын тұрақтандыру, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына инвестиция тарту сияқты кешенді шаралар қажет екендігі атап өтіледі. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы кедейлікті жою жолдарын айқындап, әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар беру. Мақалада МОТ, БҰҰ баяндамалары мен қазақстандық ғалымдардың пікірлері талдана отырып, кедейлікті азайтудағы мемлекеттік қолдаулар мен статистикалық деректерге назар аударылады. Әділетті қоғамға жету үшін әлеуметтік теңдік пен мүмкіндіктердің әділ бөлінісі басты қағида ретінде ұсынылады. Автор кедейлікті жоюда мемлекет, қоғам және жеке адамның рөлі ерекше екенін айқындайды. Бұл мақалада көрсетілген тұжырымдар Қазақстандағы әлеуметтік саясатты жетілдіруде маңызды ғылыми және практикалық негіз бола алады.

Кілт сөздер: кедейлік, әлеуметтік әділеттілік, тұрақты даму, әлеуметтік қорғау, еңбек нарығы, әділетті қоғам, Қазақстан.

Кедейлікті жою мәселесі – бүгінгі жаһандық күн тәртібіндегі аса маңызды тақырыптардың бірі. Әлем елдері үшін кедейлік тек экономикалық көрсеткіш емес, ол әлеуметтік әділеттіліктің деңгейін, халықтың әл-ауқатын, қоғамның тұрақтылығын айқындайтын өлшем. Қазақстан жағдайында да бұл мәселе айрықша өзекті. Өйткені экономикалық өсімнің нәтижесі халықтың тұрмыс сапасына әсер етуі тиіс. Кедейлікті төмендетпейінше, әділетті қоғам құру

мүмкін емес. Мақаланың мақсаты – кедейлікті жоюдың теориялық негіздері мен практикалық тетіктерін зерттеу, Қазақстандағы әлеуметтік саясатты талдау және әділетті қоғамға жетудің жолдарын көрсету. Міндеттері – кедейліктің себептері мен салдарын анықтау, халықаралық және ұлттық тәжірибелерді салыстыру, әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін талдау, кедейлікті төмендетудің болашақтағы мүмкіндіктерін айқындау.

Байкова Е. И. мен Варданшвили Н. Н. өз еңбектерінде «Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін арттыру – елдің әлеуметтік дамуындағы маңызды фактор» деді [1,152]. Бұл пікірдің астарында халықтың өмір сапасын жақсарту тек экономикалық көрсеткіштермен шектелмейтіні, керісінше ол әлеуметтік тұрақтылықтың, қоғамдық келісімнің және ұлттық дамудың басты шарты екендігі жатыр. Ғалымдардың айтуынша, тұрмыс деңгейінің көтерілуі ең алдымен табыстың өсуімен байланысты. Яғни азаматтардың тұрақты жалақысы болуы, табыс көздерінің әртараптандырылуы, шағын және орта бизнестің дамуы халықтың әл-ауқатын арттыруда шешуші рөл атқарады. Сонымен бірге еңбек нарығындағы тұрақтылық – жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, еңбек жағдайының жақсаруы – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді. Авторлар әлеуметтік қолдау шараларының да маңыздылығын ерекше атап өтеді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін жәрдемақылар, зейнетақылар, атаулы әлеуметтік көмектер халықтың ең осал топтары үшін қауіпсіздік желісі болып табылады. Егер бұл жүйе әлсіз болса, кедейлік деңгейі төмендемей, керісінше, тереңдей түседі. Сондықтан ғалымдар кедейлікпен күресте жүйелі мемлекеттік саясат қажет екенін дәлелдейді. Олар кедейлікті тек табыс тапшылығы ретінде ғана емес, адамның әлеуметтік өмірге толыққанды қатыса алмауы, білім мен денсаулыққа қол жеткізудегі шектеулер, қоғамдағы теңсіздіктің көрінісі ретінде қарастырады. Бұл – кедейліктің күрделі әлеуметтік құбылыс екенінің дәлелі. Аталған ой бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Қазақстан экономикасы өсіп келе жатқанына қарамастан, әлеуметтік теңсіздік мәселесі қоғам дамуына кедергі келтіруде. Аймақтар арасындағы айырмашылықтар, урбанизация үдерісі мен ауылдағы жұмыссыздық, жастардың еңбек нарығына бейімделуі – тұрмыс деңгейін көтеруде шешімін күткен басты мәселелердің қатарында. Сондықтан Байкова мен Варданшвили көрсеткен тұжырымдар кедейлікті жоюдағы кешенді саясаттың негізін құрайды және әділетті қоғамға жетудің теориялық алғышарты болып табылады.

Халықаралық еңбек ұйымының 2014/15 жылдардағы баяндамасында «экономикалық өсім кедейлікті төмендетудің басты алғышарты болғанымен, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етпейінше, қоғамда теңдік болмайды» делінген [2,214]. Бұл тұжырым әлеуметтік саясаттың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Себебі тек қана жалпы ішкі өнімнің өсуі немесе өндірістің артуы халықтың тұрмыс сапасын бірдей жақсарты бермейді. Егер қоғамда

әділетсіздік сақталса, табыс ең бай топтардың қолында шоғырланып, әлеуметтік алшақтық күшейе түседі. Сол себепті Халықаралық еңбек ұйымы кедейлікті азайту үшін экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттіліктің үйлесімде болуын талап етеді.

Аталған баяндамада кедейлікке қарсы саясаттың нақты тетіктері айқын көрсетілген. Оның бірі – әлеуметтік қорғау жүйесін күшейту. Бұл дегеніміз, мемлекет әрбір азаматына ең төменгі деңгейде де болса әлеуметтік кепілдіктер беруі тиіс: денсаулық сақтау, білім алу, зейнетақымен қамтамасыз ету, жұмыссыз қалғандарға жәрдемақы төлеу. Осындай шаралар қоғамдағы ең әлсіз топтарды қорғап, олардың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасайды.

Екінші маңызды тетік – еңбек құқығын қамтамасыз ету. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, егер жұмысшылардың еңбек жағдайлары әділетті болмаса, жалақысы уақытылы төленбесе, еңбек қауіпсіздігі сақталмаса, онда кедейлік деңгейі төмендемейді. Еңбек құқығын сақтау тек қана экономикалық емес, сонымен бірге адам құқығының негізгі бөлігі болып табылады.

Үшінші бағыт – әйелдер мен жастарды еңбек нарығына тарту. Бұл мәселе Қазақстан үшін де аса өзекті. Біздің елде жастар арасындағы жұмыссыздық, әйелдердің жалақы деңгейіндегі айырмашылық, еңбекке орналаса алмау секілді мәселелер жиі кездеседі. Халықаралық еңбек ұйымы осы топтарға ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтеді. Себебі олардың әлеуетін іске қосу арқылы елдің экономикалық мүмкіндіктері кеңейіп, кедейлік деңгейі айтарлықтай азаяды.

Қазақстан үшін бұл тәжірибе аса маңызды. Бүгінде елімізде еңбек нарығындағы теңсіздік, әлеуметтік осал топтардың жағдайы әлі де шешімін күткен мәселе болып отыр. Егер осы халықаралық ұсыныстарды тиімді іске асыруға мүмкіндік жасалса, әділетті қоғам құру жолында нақты қадамдар жасалған болар еді.

2017–2019 жылдарға арналған МОТ баяндамасында «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін әлеуметтік қорғау жүйесі әмбебап әрі әділетті болуы тиіс» делінген [3,365]. Бұл ой қазіргі заманғы әлеуметтік саясаттың басты ұстанымдарының бірі болып табылады. Әмбебаптық – әрбір азаматтың әлеуметтік қорғауға тең құқылы болуы, ал әділеттілік – бұл қорғаудың нақты өмір жағдайына сәйкес жүзеге асырылуы дегенді білдіреді. Егер әлеуметтік қорғау жүйесі тек белгілі бір топтарға ғана бағытталса немесе оның тиімділігі шектеулі болса, онда қоғамдағы теңсіздік күшейіп, кедейлікті жою мүмкін болмайды. Аталған баяндамада халықтың барлық тобына әлеуметтік кепілдіктер берудің маңыздылығы ерекше көрсетілген. Бұл кепілдіктердің қатарына денсаулық сақтау, білім беру, еңбекке жарамсыз азаматтарды қолдау, зейнетақымен қамтамасыз ету, көп балалы және аз қамтылған отбасыларға көмек беру жатады. Мұндай шаралар тек әлеуметтік әлсіз топтарға ғана емес, бүкіл халыққа қажет, себебі кез келген азамат белгілі бір жағдайда әлеуметтік қолдауға мұқтаж болуы мүмкін. Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесі соңғы

жылдары бірқатар өзгерістерге ұшырап, жаңарып жатқанымен, әлі де толыққанды қамтуды қажет етеді. Мысалы, зейнетақы жүйесі реформалануда, атаулы әлеуметтік көмек формалары енгізілуде, бірақ бұл шаралар бүкіл халықтың тұрмыс деңгейін біркелкі көтере алмай отыр. Қалалық және ауылдық жерлердегі айырмашылықтар айқын сезіледі. Әсіресе ауылдық жерлердегі жұмыссыздық, жастардың еңбекке орналаса алмауы, табыс көздерінің шектеулілігі кедейліктің сақталуына себеп болып отыр. МОТ баяндамасындағы ұсыныстар Қазақстан үшін ерекше маңызды. Себебі біздің елде де тұрақты дамудың мақсаттарына жету тек экономикалық өсім арқылы ғана емес, әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру арқылы мүмкін болмақ. Егер әлеуметтік қолдау әділетті түрде жүзеге асырылса, ауыл мен қала арасындағы теңсіздік азайып, халықтың тұрмыс сапасы артады. Бұл өз кезегінде қоғамның тұрақтылығын нығайтып, әділетті қоғамға апарар жолды айқындайды.

БҰҰ-ның 2018 жылғы «Адам дамуы индексі мен көрсеткіштері» баяндамасында Қазақстандағы кедейлікті жою бағытындағы жетістіктер мен проблемалар қатар қарастырылған. Құжатта «Қазақстан әлеуметтік дамуда айтарлықтай ілгеріледі, бірақ аймақтар арасындағы теңсіздік әлі де жоғары» деп атап көрсетіледі [4]. Бұл тұжырым еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында бірқатар оң нәтижелерге қол жеткізілгенімен, олардың халықтың барлық топтары мен өңірлеріне бірдей әсер ете қоймағанын білдіреді. Шын мәнінде, елдің жалпы деңгейде даму көрсеткіштері жоғарылағанымен, аймақтар арасындағы алшақтық халықтың тұрмыс сапасына тікелей ықпал етеді. Мәселен, мегаполистерде – Астана, Алматы және Шымкент қалаларында халықтың табыс деңгейі, әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімділік пен еңбек нарығының мүмкіндіктері анағұрлым жоғары. Ал шалғайдағы ауылдық өңірлерде, әсіресе батыс пен оңтүстіктің кей аймақтарында жұмыссыздық мәселесі, табыс көздерінің тапшылығы, медициналық қызмет пен сапалы білімге қолжетімділіктің шектеулі болуы тұрғындардың тұрмысын төмендетіп отыр. БҰҰ баяндамасындағы деректер осы теңсіздікті нақты көрсетеді. Әділетті қоғам құру үшін тек орташа ұлттық көрсеткіштерді жақсарту жеткіліксіз. Егер елдің бір бөлігінде тұрғындар жақсы өмір сүрсе, ал басқа бөлігінде кедейлік деңгейі жоғары болып қала берсе, онда қоғамда әлеуметтік әділеттілік орнамайды. Сондықтан өңірлік саясатты күшейту – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл саясат ең алдымен аймақтық инфрақұрылымды дамытуға, ауыл шаруашылығын қолдауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталуы тиіс. БҰҰ баяндамасы Қазақстанға бұл бағыттағы міндеттерді жүйелі түрде шешуді ұсынады. Яғни аймақтар арасындағы теңсіздікті азайтуға бағытталған нақты жобаларсыз кедейлікті жою мүмкін емес. Әрбір аймақтағы тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру басты мақсат болуы тиіс. Бұл – әділетті қоғамға жетудің және тұрақты дамудың кепілі.

Қазақстанда жалақы мен зейнетақының кезең-кезеңімен өсуі әлеуметтік қолдаудың негізгі формаларының бірі болып табылады. «Қазақстанда жалақы мен зейнетақылардың өсуі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етеді, алайда инфляция деңгейі бұл жетістікті әлсіретуі мүмкін» делінген [5]. Бұл тұжырым әлеуметтік саясаттың кешенді болуын талап етеді. Яғни табысты арттыру шаралары баға тұрақтылығымен және инфляцияны бақылаумен қатар жүруі тиіс.

Исабаева С. «Қазақстандағы кедейліктің статистикасы көбіне жасырын сипатқа ие, себебі көптеген азаматтар ресми есепке алынбайды» деді [6]. Бұл пікір әлеуметтік статистиканың нақтылығының маңыздылығын көрсетеді. Егер кедейлік деңгейін дұрыс өлшемесек, оны төмендету саясаты да толық нәтиже бермейді. Сондықтан қоғамдағы шынайы жағдайды анықтау үшін тәуелсіз зерттеулер мен халықаралық стандарттарды қолдану қажет.

Қорытындыдай келе, кедейлікті жою – тек экономикалық өсімді қамтамасыз ету ғана емес, ол әлеуметтік әділеттіліктің, қоғам тұрақтылығының және демократиялық құндылықтардың басты көрсеткіші. Қазақстанда бұл бағытта елеулі қадамдар жасалғанымен, кедейлікті түпкілікті төмендету үшін кешенді саясат қажет. Әсіресе әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру, аймақтар арасындағы теңсіздікті азайту, еңбек нарығындағы осал топтарды қолдау, білім мен денсаулыққа тең қолжетімділік қамтамасыз етілуі тиіс. Әділетті қоғам құрудың басты шарты – кедейлікті жою. Бұл жолда мемлекет, қоғам және әрбір азамат бірігіп әрекет еткенде ғана тұрақты дамудың жаңа белесіне көтерілуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байкова, Е. И. О показателях повышения уровня жизни населения Казахстана / Е. И. Байкова, Н. Н. Варданшвили // Проблемы прогнозирования. — 2015. — № 5. — С. 152–161.

2. Доклад о социальной защите в мире 2014/15: обеспечение экономического восстановления, инклюзивного развития и социальной справедливости / Группа технической поддержки по вопросам достойного труда и Бюро МОТ для стран Восточной Европы и Центральной Азии. — М. : МОТ, 2015. — 436 с.

3. Доклад о социальной защите в мире в 2017—2019 годах. Обеспечение всеобщей социальной защиты для достижения Целей в области устойчивого развития / Группа технической поддержки по вопросам достойного труда и Бюро МОТ для стран Восточной Европы и Центральной Азии. — М. : МОТ, 2018. — 490 с.

4. Доклад ООН «Индексы и индикаторы человеческого развития: Обновленные статистические данные 2018» [Электронный ресурс]. — URL:

http://hdr.undp.org/sites/default/files/2018_human_development_statistical_update_ru.pdf (Қаралды: 22.09.2025).

5. Зарплаты и пенсии повысили в Казахстане с 1 января [Электронный ресурс]. — URL: <https://www.nur.kz/1771345-zarplaty-i-pensii-povysili-v-kazahstane-s-1-janvara.html> (Қаралды: 22.09.2025).

6. Исабаева, С. Бедность в Казахстане: лукавая статистика [Электронный ресурс] / С. Исабаева // Республикан. обществ.-полит. газ. Central Asia Monitor. — 2017. — № 2. — URL: <https://camonitor.kz/27022-bednost-v-kazahstane-lukavaya-statistika.html> (Қаралды: 22.09.2025).

УСТРАНЕНИЕ БЕДНОСТИ — ПУТЬ К СПРАВЕДЛИВОМУ ОБЩЕСТВУ

*Эргашева Рушана, Какимов Алтай, Нұртасқызы Динара,
Үсенова Нұрбану*

Научный руководитель: Атаханова Г.М.

В статье рассматриваются современные аспекты борьбы с бедностью и их влияние на социально-экономическую ситуацию в Казахстане. Подчеркивается, что ликвидация бедности — это не только экономическая, но и социальная задача, обеспечивающая справедливость и устойчивое развитие общества. На основе данных авторов, отчетов международных организаций (МОТ, ООН) и трудов казахстанских ученых показана актуальность проблемы на глобальном и национальном уровнях. Отмечается необходимость комплексных мер: совершенствования системы социальной защиты, стабилизации рынка труда, инвестирования в образование и здравоохранение. Цель исследования — определить пути искоренения бедности в Казахстане и предложить рекомендации по повышению эффективности социальной политики. Анализируются государственные меры поддержки и статистические данные, подчеркивается важность равенства возможностей как основы справедливого общества. Делается вывод о ключевой роли государства, общества и личности в борьбе с бедностью. Представленные выводы могут послужить научной и практической основой для совершенствования социальной политики Казахстана.

Ключевые слова: бедность, социальная справедливость, устойчивое развитие, социальная защита, рынок труда, справедливое общество, Казахстан.

ERADICATING POVERTY — THE PATH TOWARD A JUST SOCIETY

*Ergasheva Rushana, Kakimov Altai, Nurtasqyzy Dinara,
Usenova Nurbanu*

Scientific supervisor: Professor G. Atakhanova.

This article examines the modern dimensions of poverty eradication and its impact on the socio-economic situation in Kazakhstan. It emphasizes that fighting poverty is not merely an economic issue but also a foundation of social justice and sustainable development. Based on authors' findings, reports from international organizations (ILO, UN), and research by Kazakhstani scholars, the study highlights the relevance of this issue at both global and national levels. The paper outlines the need for comprehensive measures such as improving social protection systems, stabilizing labor markets, and investing in education and healthcare. The purpose of the study is to identify effective strategies for reducing poverty in Kazakhstan and to provide recommendations for enhancing social policy efficiency. The analysis focuses on governmental support measures, statistical data, and the principle of equal opportunities as a cornerstone of a just society. The authors conclude that the state, society, and individuals all play a crucial role in combating poverty. The presented conclusions can serve as a valuable scientific and practical basis for improving social policy in Kazakhstan.

Keywords: poverty, social justice, sustainable development, social protection, labor market, just society, Kazakhstan.

REFERENCES

1. Baykova, E. I., & Vardanshvili, N. N. Indicators of Improving the Living Standards of the Population of Kazakhstan. // Problems of Forecasting, No. 5, 2015, pp. 152–161.
2. International Labour Organization (ILO). World Social Protection Report 2014/15: Building Economic Recovery, Inclusive Development and Social Justice. Technical Support Group on Decent Work for Eastern Europe and Central Asia. — Moscow: ILO, 2015. — 436 p.
3. International Labour Organization (ILO). World Social Protection Report 2017–2019: Universal Social Protection to Achieve the Sustainable Development Goals. Technical Support Group on Decent Work for Eastern Europe and Central Asia. — Moscow: ILO, 2018. — 490 p.
4. United Nations Development Programme (UNDP). Human Development Indices and Indicators: 2018 Statistical Update. [Electronic resource]. — Available at:

http://hdr.undp.org/sites/default/files/2018_human_development_statistical_update_ru.pdf (Accessed: 22.09.2025).

5. Salaries and Pensions Increased in Kazakhstan from January 1. [Electronic resource]. — Available at: <https://www.nur.kz/1771345-zarplaty-i-pensii-povysili-v-kazahstane-s-1-janvara.html> (Accessed: 22.09.2025).

6. Isabayeva, S. Poverty in Kazakhstan: Deceptive Statistics. [Electronic resource]. // Central Asia Monitor, No. 2, 2017. — Available at: <https://camonitor.kz/27022-bednost-v-kazahstane-lukavaya-statistika.html> (Accessed: 22.09.2025).